



# ҚҰРЫЛЫС СӘУЛЕТ ЖӘНЕ

ХБК «ҚАЗАҚ БАС СӘУЛЕТ-ҚҰРЫЛЫС АКАДЕМИЯСЫ» КАМПУСЫНЫҢ ГАЗЕТИ

2009 ж. 25 қыркүйектен бастап шығады

Қазан № 10 (104) Октябрь 2018

## СТРОИТЕЛЬСТВО И АРХИТЕКТУРА



### БІЗ ӘЛІ ЖАРҚ ЕТЕМІЗ!

Жаңа оқу жылы басталысымен «Президент» лидерлік-дебат клубы өзінің жұмысын қарқынды бастап кетті.



Қыркүйектің екінші аптасынан бастап академиямыздың жас студенттеріне агитация жасап, алғашқы жиналысымызды жасадық. Студенттердің көздерінен жалын ұшқыны байқалады. Бір күннің өзінде сыйластығымыз жарасып аға-іні, әпке-сіңілді болдық. Тіпті, оқу жылына жоспар жасап, өз ойларымызбен бөлістік. Осындай достар тапқанымызға біз де, осындай орта тапқанына олар да риза болыстық. Қазақ жастарын отансүйгіштікке, тәлім-тәрбиеге, интеллектуалды ойлауға, жүйелі сөйлеуге, қоғамдық этиканы үйрететін, қысқаша айтқанда, сауатты, 21-ғасыр азаматы ретінде қалыптастыратын бұл клубтың жасар жұмысы көп.

Сөз соңында, қатарымызға қосылып үлгермеген студенттерді қуана-қуана күтеміз. Бізбен бірге болыңыздар!

Бердияр Султанбеков,  
«Президент» лидерлік-дебат клубының төрағасы

Поздравляем с Днем рождения члена Совета попечителей КазГАСА, уважаемого

Жумагали Жанабегеновича Тасмаганбетова!

Выражаем Вам благодарность за содействие вхождению КазГАСА в мировую образовательную систему, за поддержку социальных проектов, и надеемся на длительное и плодотворное сотрудничество!  
Счастья Вам, здоровья, успехов и благополучия!

## ӨНЕГЕСІ ЕЛГЕ ҮЛГІ

Жүрегі елім деп соққан, тәрбиесі келіскен, білімі мен қажыр-қайраты мол осындай жас ұрпақтар, елімізге кеңінен таныс білім ордасы – Қазақ бас-сәулет құрылыс академиясында да көптеп саналады. Солардың бірі – жалпы құрылыс факультетінде «Құрылыс» мамандығы бойынша білім алып жатқан 4 курс студенті Сандалхан Максим десек қателеспейміз.

Сандалхан 1996 жылы 8 маусымда Монголия елінде дүниеге келген. Оқушы кезінен өзінің алға қойған мақсатын орындауда алғырлығымен, бәрін білсем деген талапкерлігімен көзге түскен. Мектеп қабырғасында жүрген кезінде көптеген пәндік олимпиадаларға, түрлі спорттық жарыстарға қатысып жүлделі орындармен марапатталған. Монғолияда жүрсе де, тыныс-тірлігі Қазақ елімен бірге болды. Тәуелсіз Қазақстанда болып жатқан барлық жаңалықтарға құлақ түріп, шамасы келгенше араласып жүруге тырысты. Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған «Мен жастарға сенемін!» республикалық фестиваліне алғаш рет 2014 жылы қатысты. Сол фестивалдің «Еліміздің инновациялық дамуына менің қосқан нақты үлесім» атты студенттік әлеуметтік маңызы бар инновациялық жобалар секциясында «Ерекше жоба» номинациясының жүлделі орнын жеңіп алған.

Сол жақтағы «Дарын» орта мектебін Алтын белгімен бітірген Сандалхан 2015 жылы Халықаралық білім беру корпорациясының Жалпы құрылыс факультетіне оқуға түседі. Бұл мамандықты таңдауына отбасының себепкер болғаны анық, анасы Монғолиядағы алдыңғы қатарлы құрылыс фирмаларында инженер - жобалаушы қызметін атқарады. Техникалық пәндерге қызығушылығы бала күнінен белгілі болған Сандалхан жоғары оқу орнында алған білімімен талантты одан әрі ұштай түседі. Академия

қабырғасында үздік оқи жүріп студенттік-ғылыми зерттеу жұмыстарына, ғылыми конференцияларға, пәндік олимпиадаларға, спорттық жарыстарға белсене қатысады.

Сол еңбектерінің нәтижесінде 2016 ж. «Ауа тазарту құрылысы» жобасына авторлық куәлік алды. Оқушы күнінде бастаған жобаларын ҚР Бірінші Президенті күніне арналған «Мен жастарға сенемін!» республикалық фестиваліне бірнеше жыл бойы қатысу арқылы жүзеге асырып жүлделі орындармен марапатталып келеді.

Сандалхан сонымен қатар түрлі ғылыми жобаларға да қатысып бағын сынап келеді. Әбу насыр әл-Фарабидің 1145 жылдығы, Қазақ Хандығының 550 жылдығы, ҚР Алтын Заңының 20 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы, Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70 жылдығына арналған студенттер мен жас ғалымдар қатысқан әр түрлі ғылыми конференцияларының жүлдегері, 1 және 2 дәрежелі диплом иегері.

Сандалхан туған тілімен қатар бірнеше шет тілін де жетік меңгерген. Осы қасиеті арқасында, студенттер арасында өткен «Қысқы Универсиада-2017»



спорттық жарысына, «EXPO-2017» әлемдік деңгейдегі көрмеге еріктілер қатарында қатысып, қоғамдық тапсырмаларды белсене атқарғаны үшін Астана және Алматы қалалары әкімінің алғыс хаттарымен марапатталды. Сонымен қатар, өнері мен білімін де кеңінен таныта білді. Атап айтсақ, «Қысқы Универсиада-2017» студенттер арасында өткен Кубоктық жарыста баскетбол мен тоғызқұмалақ ойынының 1-орын иегері, Алматы қаласында өткен инновациялық жобалардың «Шағын EXPO-2016» байқау көрмесінің 2-орын жүлдегері, «Астана EXPO-2017» дүниежүзілік көрмесіне арналған студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференциясының 2-орын иегері болды.

Академия ішінде, жоғары оқу орындары арасында, халықаралық дәрежедегі барлық пәндік олимпиадалар, ғылыми конференциялар мен ғылыми жобалар оның назарынан тыс қалмайды.

«Жігітке жеті өнер де аз» деп дана халқымыз айтпақшы, Сандалхан салауатты өмір салтын ұстанған жас. Бірнеше спорт түрімен қатар айналысқан оның жетістіктері де аз емес. Шахмат, тоғызқұмалақ, теннис, баскетбол, волейбол түрлерін шебер меңгерген. Ұлттық спорт түрлерінен дәрежелері бар және оны сәтті түскен әрбір жарыста қорғап жүреді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы қоры өткізген «Жас толқын» республикалық дәрежедегі студенттік олимпиадаға «Сәулет» командасымен қатысып 3-орынды иеленді.

Биылғы 2018-2019 оқу жылы Сандалхан үшін сәтті басталды десек болады. «Мосты согласия» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен еліміздің дарынды жастарын қолдау үшін қолға алынған Республикалық «Үздік студент» жобасы аясында шығарылған «Жас қыран» атты талантты студенттердің кітап жинағының I-ші шығарылымына енді және оқу барысында білім, ғылым, өнер, спорт саласына қосқан айрықша еңбегі үшін «Үздік студент 2018» төс белгісімен және дипломымен марапатталды. Тағы бір жетістік – 2017-2018 оқу жылының қорытындысы бойынша «ҚазБСҚА жыл студенті» номинациясы бойынша 1-орын иегері болып, ҚазБСҚА Президентінің дипломымен марапатталды.

Бұның бәрі таудай талап пен жасымас жігердің, ерен еңбектің, айқын мақсаттың арқасында ғана мүмкін болатыны белгілі. Біз Сандалханды қол жеткізген толағай табыстарымен құттықтаймыз! Дипломдық жобасын сәтті қорғап, әлемге әйгілі құрылысшы болсам деген арманына қол жеткізуіне тілектеспіз! Сіздердей білімді, дарынды жастардың тәуелсіз Қазақстанның болашағын дамытатына сенімдіміз!

Б. А. Ажғалиева,  
Жалпы құрылыс факультетінің оқытушысы

# Визитная карточка КазГАСА

К началу нового учебного года преподаватели и студенты Казахской головной архитектурно-строительной академии получили неожиданный подарок.

Открытие скульптурной композиции «геодезистов», установленных в красивом месте по обе стороны центральной партерной аллеи административного блока (исполнитель композиции - преподаватель ФА Д.Сарбасов, проект осуществлен под руководством Д.Амандыковой) добавило «шарма» самому престижному университету Казахстана в области архитектуры и строительства. Установка скульптур, исчезновение решетчатого ограждения, благоустройство городской дороги к Академии – все это изменило облик нашей академии в лучшую сторону.

Скульптурная композиция представляет двух студентов на геодезической практике: один стоит с рейкой, второй, чуть наклоняясь к теодолиту, проводит съемку. Ситуация геодезической съемки местности знакома и привычна всем, кто проходил практику по геодезии на строительном и архитектурном факультетах. Ансамбль двух скульптур символизирует процесс учебы и постижения наук. Масштаб бетонных скульптурных фигур удачно выбран автором и соразмерен территории, деревьям, фонтану и человеку. Скульптурные фигуры не теряются



и не растворяются с окружением и выполнены на хорошем уровне. Композицию хорошо приняли не только преподаватели и студенты КазГАСА, но и жители близлежащих жилых домов. Фонтан, лужайки и скульптурный ансамбль «геодезистов» создают живую и творческую атмосферу учебного заведения.

Территория нашей академии, несомненно, является важным объектом архитектурно-ландшафтной среды верхней части г.Алматы, поэтому организационная структура требует особого эстетического подхода. Идеальным вдохновителем реорганизации территории КазГАСА с установкой МАФ и скульптурных композиций является руководитель вуза Амирлан Айдарбекович Кусаинов. Архитекторы подхватили его идеи, так как внимание к собственным культурным ценностям в виде скульптур или же малых архитектурных форм оказывает сильное влияние на желание студентов находиться в данном пространстве. Эстетика окружающей среды сильнейшим образом стимулирует учебу в процессе всего цикла обучения.

Культурный ландшафт КазГАСА подразумевает процесс формирования определенной интеллектуальной среды, где живет и развивается коллектив вуза. Поэтому необходимо продолжить замечательное начинание архитектурного факультета (декан Д.А. Амандыкова), чтобы сочетание архитектуры академии, ландшафта, скульптур и МАФ явилось бы ее визитной карточкой.

Казахская головная архитектурно-строительная академия на глазах приобретает вид сообщества, которое является самодостаточным и сплоченным, уверенно смотрящим на окружающий мир, где хочется учиться и работать.

А.С. Галимжанова,  
ассоц. профессор ФА,  
доктор искусствоведения



## Конкурс студенческих эссе «ЦВЕТИ МОЙ КАЗАХСТАН!»



В КазГАСА в рамках программы клуба «Знатоки» прошел конкурс эссе среди студентов 1-2 курса на тему «Цвети мой Казахстан!».

Порадовали высказывания будущих специалистов в области архитектуры и строительства о стремлении застроить все земли Казахстана. В своих эссе они сравнивают страну с цветком, который растет и крепнет сквозь преграды, и с благополучной семьей из разных наций и этносов. Рассказывая об историческом

пути государства, гостеприимности народа, национальной кухне, величественных горах и бескрайней степи, они делятся гордостью, что являются гражданами независимой страны.

Призовые места заняли: студентка группы Диз-18-1\* Сымбат Тургали, студент группы Арх-18-5\* Мадияр Нурбеков и студентка группы ИСиС-18-1\* Айдана Нургалым, студенты группы ГИК-18-1\* Жанель Серик и группы Арх-17-1\* Лашын Алтай. Победителям были вручены дипломы.

Профессорско-преподавательский состав секции русского языка



## ФАКУЛЬТЕТ ДИЗАЙНА РАСШИРЯЕТ СВОИ ГРАНИЦЫ...

В сентябре этого года открыты еще два филиала Факультета дизайна. Это Салон национальной одежды «Ерке-Нур» и швейная фирма «Семирамида» (торговая марка «Манера») – заключены договоры для прохождения студентами производственной практики по направлению «Дизайн моды».

Преподаватели факультета ознакомились с производственными условиями предприятий и возможностями прохождения практик нашими студентами. Дом моды «Ерке-Нур», основанный в 1997 г., производит национальную одежду и сувенирные изделия, костюмы для выступлений творческих коллективов, одежду для различных торжеств и праздников. На встрече с директором «Ерке-Нур» Фаридой Мерхамиткызы обсуждены вопросы практики студентов 3 курса «Дизайн моды» Факультета дизайна уже в этом учебном году.

Швейная фирма «Семирамида», известная с 1997 г. как производитель верхней одежды, сотрудничает с испанским дизайнером Соней Прадо, это позволило компании создать уникальный стиль для успешных женщин, выпуская одежду для клиентов бизнес-класса под торговой маркой «Манера». Встреча с дирек-



тором «Семирамиды» Натальей Тохтаровной Ахшабаевой была полезной и плодотворной - кроме прохождения практик на базе предприятия запланированы лекции для студентов 3-4 курсов специализации «Дизайн моды» ФД. Факультет дизайна уже с этого года приступает к подготовке по внедрению дуального образования с участием моделирующих предприятий г.Алматы. В планах проведение мастер-классов, презентаций коллекций моделей, практических занятий на базе производства.

Г.К. Ибрайшова  
ассоц. проф. ФД

## Рухани жаңғыру – білім саласының көкжиегі

«Рухани жаңғыру» бағдарламасында: «Жаңғыру жолында бабалардан мұра болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» - делінген болатын.



Расында, жастайынан дін мен дәстүрімізді, тағлымды тарихымызды оқып, көкейіне тоқып, сусындап өскен жас ұрпағымыз теріс ағымдар мен жат мәдениеттің жетегінде кетпейтіні анық. Салт дәстүрі мен мәдениетін биік ұстаған халықтың ғана ертеңі жарқын, болашағы баянды болары анық.

Бағдарламалық мақаланың жекелеген бағыттары бойынша атап айтсақ, «Туған жер», «100 жаңа оқулық» жобаларына қолдау көрсетіп, кең көлемде насихаттау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осындай шараның бірі екі күнге созылған

ҚазБСҚА Кітапханасы «Рухани жаңғыру – болашаққа сенім» атты Ашық есік күнінен көрініс тапты. Іс шараға ҚазБСҚА-ның, колледждің 1 курс студенттері, лицей оқушылары және ұстаздар қатысты.

Бұл іс шараның мақсаты Кітапханамен таныстыру, студенттердің кітапқа деген қызығушылығын қалыптастыру және кітапханадағы электронды бағдарламаларды қолдануды үйрету болды. Шара барысында «Қазақстанның атақты құрлысшылары мен сәулетшілері», «Рухани Жаңғыру – болашаққа сенім», Республикалық акция «Бір ел – бір кітап» және қазақ әдебиетіндегі көп жанырлы жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың келер жылы 130 жылдық мерей тойына арналған көрмелер мен слайдтар көрсетілді. Шараға қатысушылар жазушының өмірбаяны мен шығармаларының ішінде «Ақбілек» романымен танысты. Елімізде 2007 жылдан бастау алған «Бір ел - бір кітап» акциясы аясына кеңінен тоқталып, кітапханаға қалай жазылуға және Web-КАБИС бағдарламасынан керекті ақпаратты қалай табуға болатындығын кітапхана мамандары студенттерге түсіндіріп айтып өтті. Соңында Ашық есік күніне қатысушылар кітапхана бөлімдеріне және мұражайға саяхат жасады.

Г.Х. Абделдаева  
кітапханашы



## ҚОШ КЕЛДІҢ, БАЛМҰЗДАҚ!

Оқу жылының алғашқы айының жиырмасы жұлдызы студенттер үйінде «Балмұздақ party» атты сауық кеші болып өтті.

Бұл кеш студенттік өмірге енді қадам басқан тәтті балмұздақтарға арналды. Іс шара мақсаты: балмұздақтардың басын қосып, студенттік өмірдің қызық екенін көрсету және де достар табу. Енді кештің өзіне тоқталсақ, кеш барысында балмұздақтарға арналған көңілді ойындар мен кішігірім биден батл ұйымдастырылды. Ойындар жеңімпаздарына арнап «Үздік биші», «Үздік әнші» және де «Ең белсенді балмұздақ» атты аталымдар берілді. Ойындар мен жарыстар арасында студенттерге тегін балмұздақ таратылды. Ең қызығы да, ыстығы



ол - кештің соңы болды. Кеш соңын студенттер үйінде тұратын барлық студенттерге, әсіресе балмұздақтарға арналған би кешімен жалғастырды. Кешкі салқынға қарамастан барлық студенттердің жүздерінде күлкі ұялап жүрді. Осы кеште архитектура және жалпы құрылыс факультетінің балмұздақтары өздерінің өте белсенді екендігін көрсете білді. Кештің барлық студенттері жақсы әсер алды деген үміттеміз.

Жастық шақтағы ең қызықты да, қайтып оралмас уақыт ол - студенттік өмір...

Құрметті Балмұздақтар, студенттік өмірге қош келдіңіздер! Есте қалар естеліктеріңіз көп болсын!

Гулим Тулелбекова  
ТДО-17-3\*



## СТОП НАРКОТИК!



Сотрудники Департамента по борьбе с наркобизнесом г.Алматы совместно с Управлением по вопросам молодежной политики, Городским наркологическим центром провели встречи в КазГАСА по разъяснению необходимости противодействия наркомании, вовлечения в рассылку и содействия в распространении рекламной продукции, связанной с реализацией наркотических средств.

Оперуполномоченный Департамента по борьбе с наркобизнесом майор полиции Олжас Кайырбаевич Шманов рассказал о мерах по борьбе с наркобизнесом, разъяснил правовые последствия вовлечения в незаконный оборот наркотиков.

Врач-нарколог городского наркологического центра Камиля Аскарровна Касымова отметила пагубное воздействие на организм синтетических наркотиков, тяжелые последствия употребления но-

вых психоактивных веществ, влекущих невосполнимое расстройство функций организма и тяжелые психические расстройства, поражения головного мозга.

На встрече принял участие и представитель УВМП г.Алматы Айдос Касымұлы Шайлазым.

Б.Манасова,  
помощник проректора по ВСУСВ



## Осознанное проектирование безбарьерной среды

Дисциплина «Основы проектирования безбарьерной среды» введена в программу недавно, но уже получила отличную обратную связь от студентов Факультета общего строительства. Дисциплина затрагивает актуальные проблемы городской среды.

З.Е.Кабжан провела лекцию-встречу со студентами 2 курса и Сериком Есмаатовым - призером азиатских молодежных Паралимпийских игр в Малайзии, победителем проекта «100 новых лиц Казахстана». За большие успехи Серик удостоен звания «Ел үміті» и является членом и лицом партии Нұр Отан, общественным деятелем, депутатом молодежного маслихата РК.

На лекции обсуждались актуальные вопросы безбарьерного проектирования и необходимости создания универсальной среды. Студенты посмотрели на проблему с нового ракурса - точки зрения маломобильного пользователя здания. Для людей с ограниченными возможностями безбарьерная среда жизненно важна, и должна стать в сфере строительства нормой проектирования и социальной осознанности. На примере успешного человека с особыми потребностями нам

удалось мотивировать студентов на со-зидание универсальной среды для таких замечательных ребят.

По итогам встречи создана инициативная группа, запланированы мероприятия, исследования в области безбарьерного проектирования, студенты КазГАСА готовы к социальным экспериментам и съемкам тематического ролика.

З.Е. Кабжан  
ассистент профессора ФОС





## СЕРЬЕЗНАЯ ЗАЯВКА НА УСПЕХ

...Красная дорожка, придававшая этому событию официальность, выступление акима города Бауыржана Байбек. Трогательная презентация и искренняя, эмоциональная речь актрисы Самал Еслямовой, удостоенной главной награды в номинации «Лучшая Женская Роль» на Каннском кинофестивале с фильмом «Айка».

Это роль одновременно сильной и слабой женщины, на пути которой появляется множество проблем и неприятностей. Для такой роли нужно обладать храбростью, чтобы передать образ потерянной, терпящей унижения и тяжесть жизни гастарбайтера в Москве.



Просмотр фильма вызвал шквал эмоций и чувства гордости. Фильм с самого начала держит в большом напряжении, зрителям, неподготовленным к такому уровню реальности картины, просмотр дается тяжело. Это формат, который оставляет в душе осадок и заставляет задуматься о перипетиях жизни. И хотя многие критики считают картину не столь позитивной для открытия кинофестиваля, но, несомненно, это лучшее начало для понимания глубокого кино, сумевшего передать зрителям судьбу обездоленных и потерявших себя в жизни людей.

Almaty Film Fest обещает в будущем яркие работы зарубежных и отечественных режиссёров, которые повлияют и расширят кругозор алматинских зрителей.

А.Г. Шотанова,  
С.Т. Мырзахметова,  
ассистенты проф.



## Табиғат аясындағы демалыс

Табиғат – адамның бойына қуат, көңіліне шабыт, сезіміне ләззат шапағын шашатын сұлулық пен әсемдік әлемі, баға жетпес байлық. Халқымыз: «Табиғат – адамзаттың өмір нәрі, қажеттінің табылар содан бәрі» – деп бекер айтылмаған.

Демалыс күндерін табиғат аясында өткізу мақсатында Карх-17-3\* тобы студенттерімен Алмаарасан тау бөкте-

ріне бардық. Табиғаттың таза ауасы бойымызға қуат беріп, ерекше әсер етті. Демалыс уақытында адам баласы тек қана күш жинап ғана қоймай, сонымен қатар жаңа ізденістерге, ортаны танып білуге ұмтылады. Сенбі күнінде ауа-райы керемет болды. Дастархан жайылып, әндер орындалып, спорттық ойындар ойнатылып, би билеп, жарыстар ұйымдастырдық. Тау басынан аққан сарқыраманы тамашаладық.

Тауға шығып, жаяу жүріп, оң энергия алып, көтеріңкі көңіл-күймен үйлерімізге оралдық. Демалыс күнімізді өте қызықты өткіздік. Студенттер мен ата-аналары осындай іс-шаралар жиі ұйымдастырылып, өткізіліп тұрса деген тілектерін білдірді.

А.Б.Жексембинова,  
ҚазБСҚА жанындағы  
колледждің профессор  
ассистенті



## Первый шаг к вашей мечте!

Приходя каждый день в лицей при КазГАСА, не осознаешь, какой бы была твоя жизнь без него. Ведь столько прекрасных, важных событий связано с ним и с уверенностью могу сказать, что это лучшее место. Благодарна я лицейю даже за то, что у меня нет свободного времени. Нас объединяет творчество. Проходят выставки рисунков, и мы учимся у учителей, показывающих наш мир по-другому, ярче и лучше.



Я взяла интервью у ученицы 9 класса Гуц Олеси:

- Чем тебе нравится этот лицей?
- В КазГАСА я могу проявить свои таланты, у нас много творческих конкурсов, много позитива и много общения.
- Какие отношения у учеников в классе, школе?
- Мы все друзья, нет, мы больше чем друзья, мы все – семья!

А вот и интервью маленькой пятиклашки Айфатимы:

- Чем тебе нравится учиться в лицее при КазГАСА?
- Здесь интересно и весело!
- Какие отношения у учеников в классе, школе?
- Все очень добрые, приятно находиться с ними, мы все любим и ценим друг друга.

Среди тех, кто мечтает попасть в лицей, но пока не может, так как живет в другом городе, Ким Милана, на вопрос: «Почему именно лицей при КазГАСА? Чем он тебя заинтересовал?», ответила: «Считаю, что в КазГАСА можно получить достойное образование. И это важно для тех, кто хочет связать свою жизнь с архитектурой.

Лицей при КазГАСА – первый шаг к вашей мечте!

Мария Бекинаева,  
9а класс



**Издательский дом «Строительство и архитектура» Казахской головной архитектурно-строительной академии предлагает все виды полиграфических услуг, начиная от редактирования, правки, верстки любого издания до готового образца.**



Мы издаем любые виды книжной продукции:

- учебную, научную, учебно-методическую литературу на государственном, русском и английском языках;
- авторефераты магистерских, кандидатских, докторских диссертаций;
- сборники материалов конференций;
- библиографические указатели;
- авторские книги;
- памятные книги и т.д.

Издательский дом «Строительство и архитектура» предлагает вам следующий перечень услуг:

- размножение: бланков, плакатов, буклетов, открыток, дипломов, грамот, сертификатов;
- изготовление: папок, визиток;
- ламинирование в формате А-4, А-3;
- цветная печать и черно-белая печать формата от А5 до А1;
- шитье на скобу;
- переплет: мягкий, твердый, архивный, термопереплет.

Дополнительную информацию  
Вы можете узнать на сайте МОК



Наш адрес:

г. Алматы, ул. Рыскулбекова, 28 / уг. ул. Мустафина (остановка – КазГАСА) в Главном учебном корпусе.

Конт.тел.: +7(727) 220 81 04,

внут. 1139, 1140, 1141,

+7 701 026 5368 директор,

+7 707 882 9474 редактор,

+7 778 455 1980, +7 707 703 0192 специалисты.